

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медиадағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медиадағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймуллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

МаксUTOва А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

қарастыру және талдау негізінде, кейін тәжірибеде қолданылатын тұжырымдарға келулеріне көмектеседі.

Сондықтан сабақта ақпараттық және коммуникативтік технологияны кеңінен пайдалану үйреншікті, қалыпты жағдай ретінде қарастырылғаны жөн. Бүгінгі күні кез-келген, басқа пәндер болсын ақпараттық және коммуникативтік технологияны пайдалану арқылы әртүрлі сабақтарға әзірлемелер дайындап және оны жоғары деңгейде өткізе білсе, сабақтың тартымды әрі қызық болатыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Цифрландырудың анықтамасы WhatIs.com сайтында;
- 2.«Цифрландыру / цифрландыру» Коллинздің ағылшын сөздігінде Энциклопедия site:kk.wikisko.ru;
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2011.24.10 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). Астана, 2011
4. З.Қ.Кульбаева «Ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту». «Бастауыш сынып» 2015, №1

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҒИБРАТ – ОҚЫТУДЫҢ ҚУАТТЫ ҚҰРАЛЫ

Алмагул Умбетова

Қазақстан, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ

Акнур Балгимбекова

«Қаныш Сәтбаев атындағы 7 мектеп-лицейі» КММ

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Жезқазған қаласы, Қазақстан

В данной статье анализируются стихи и рассказы Ыбырая Алтынсарина, посвященные уму и назиданию, воспитанию и нравственности, научные труды, рассматривающие эффективные способы образования, просветительская деятельность великого педагога, жизненный путь, направляющий и открывающий дорогу будущему поколению.

This article analyzes the poems and stories of Ybyray Altynsarin, dedicated to the mind and edification, education and morality, scientific works considering effective methods of education, the educational activities of the great teacher, the life path that guides and opens the way for the future generation.

Түйінді сөздер: тәрбие, адалдық, мектеп, ұлт, ұрпақ.

Ключевые слова: воспитание, честность, школа, нация, поколение

Keywords: education, honesty, school, nation, generation

Қазақ әдебиеті саласында ғана емес, педагогика, психология, тіптен дидактика арналарында есімі ерекше аталатын тұлға бар. Ол ағартушы, ғалым, қоғам қайраткері, этнограф, фольклортанушы, бала десе жанын берген, оқыту деп бәрін берген, қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы – Ыбырай Алтынсарин. Жолын шуаққа бөлеп, шәкірттерін жетістіктерге кенеп қойған ұстаз жайлы тебіреністерді бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес екені айдан анық. Дегенмен, ақыл мен нақылға, тәрбие мен өнегеге тұнып тұрған өлеңдері мен әңгімелері, білім берудің тиімді тәсілдерін қарастыратын ғылыми еңбектері, қазақ даласына қоңырау сынды соғылған ағартушылық қызметі, болашақ ұрпаққа тағылым ретінде дәріптейтін өмір жолы сынды бағыттардың маңыздылығын алға тарта отырып, әңгімелеріндегі ғибратты ойдың оқыту мен тәрбиелеу құралы ретіндегі ерекшеліктеріне тоқталып өтейін.

Шалқар шабытты, тұлпар шабысты Ыбырай шығармаларының өн бойында тәрбиенің, еңбекке баулудың қайнар көздері тұнып тұрғандай. Бұлай деуіме автордың адамгершілік, азаматтық-патриоттық, еңбекке шақыру, парасаттылық, білімге ұмтылушылық тағы да басқа бағыттарын арқау ете отырып, кең құлашты, мол тынысты шығармаларын оқырманына ұсына білуі себеп болды. Әдебиеттегі дәстүр және жаңашылдықты өзінше тереңінен дамытқан ақынның поэзиясында жаңалық, жаңашыл леп сан қырынан есіп тұрды. Ол өлең өнеріне деген қадамынан, алған бағытынан және әр өлеңінде айтпақ ойынан айқын байқалады. «Асыл шөп», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады», «Қыпшақ Сейітқұл», «Әке мен бала» тағы да басқа әңгімелерінің құндылығы әлі күнге дейін өз арнасын толтырып келеді. Әр әңгімесін оқыған жан міндетті түрде ғибрат алып, өмірлік тәжірибе жинақтайды. Ыбырай прозасының басты ерекшелігі – қарапайым, бала тіліне лайықты, көркем, бейнелі образдары мен өміршендігі. Міне, осы әңгімелерін педагогика мен психология саласында пайдалану – жас ұрпақтың бойына тәрбиенің бағыттарын қалыптастыруда таптырмас құрал. Себебі азаматтық, рухани-адамгершілік, еңбек, дене, экономикалық, экологиялық, діни сынды тәрбиенің құрамдас бөліктерін өне бойына сіңдірумен қоса, өзіндік ойлау мен тәжірибе жинау арасындағы байланысқа түсіреді. Ал «Кел, балалар, оқылық» өлеңі – республикамыздың білім ошақтарының маңдайына жазылатын айбынды ұран. Ізге ерген ұрпақты білімге шақырып, оқуға үйрету, ғылым арқылы шырақ жағуға бастайтын жалынды сөздері заман жылжыған сайын еш өшпейді. «Қазақ хрестоматиясы» жинағына енген туындылары жеке-жеке бір әлем құрайтын, адам бойындағы жаман қасиеттерді сынайтын ерекше шығармалар қатарынан орын алады. Сәбит Мұқанов Ыбырай әлемін зерттеуші ретінде: «Қазақтың шын мағынасындағы ұлттық жазба әдебиетін бастау – Ыбырай Алтынсариннің маңдайына жазылған бақыт. Оның «Жаз басы»,

«Балғожа бидің баласына жазған хаты», «Жаз», «Өзен», «Өнер, білім бар жұрттар», «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңдері – қазақ поэзиясының еуропалық поэзия үлгісіне алғаш түсе бастауын көрсететін шығармалар. Қазақ әдебиетінің прозалық жанрына да жаңалық кіргізіп, жазба прозаның алғашқы ізін салды» [1], - деп тайға таңба басқандай етіп айтып кетуі нысанамызға алып отырған тұлғаның шығармашылығы жайында дәп түскендей.

Ыбырай Алтынсарин - тәрбиелік бағыттағы, ақыл-нақыл тұнып тұрған әңгіме жанрындағы майталман сөз шебері, себебі қай әңгімесін алып қарасақ та, белгілі бір оқиғаның астарында ата тәрбиесінің бастау бұлағы тұнып тұрғандай. Қазіргі жаһандық заман мен ақпараттық технологияның басты орынға шығуына байланысты адами құндылықтар ысырылып қала береді. Сол олқылықтың орнын толтыру үшін кез келген оқыту сабақтарына Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерін қуатты қару ретінде пайдалануды ұсынғым келеді.

Ең алдымен, «Әке мен бала» әңгімесіндегі бала жалқаулығын тәрбиелеуге бағыттаған әке ұлағатын мысал ретінде алып қарайық. Шиені алуға бір рет ерінген баласын бірнеше рет еңкейте отырып, « - Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң - көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең - көптен де құр боласың» [2,1], - деді. Демек, әңгіменің түп негізі – әрекет арқылы ой-санаға әсер ету. Осы идеяны кез келген сабақта мысал ету арқылы проблеманы шешуге, топтық жұмыстарда өз жауапкершілігін сезінуге, зерттеу дағдысын қалыптастыруға бастама ретінде қолдану – нәтиже беретін әрекет.

Екіншіден, «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесін тілге тиек еткім келеді. Мұндағы ғибраттың астарында өмірге бейімделіп тіршілік етудің маңыздылығы жатыр. «Сонда Үсеннің ойына әкесінің сөзі түсті: далада жүріп адассаң, молалы жерде су болады, сулы жерде ел болады дейді екен. Сол ақыл бойынша Үсен Асанды ертіп, молаға қарай жүрді» [3, 9], - әңгімесінің түпкі идеясын пайдалану арқылы оқушылардың сыни пікірін жетілдіруге болады. Теория мен тәжірибенің адам өміріндегі маңыздылығын сезіндіре отырып, тіршілік мәнін ұғындыру жолында аталған әңгіме, шынымен, таптырмас құрал. Рухани байлықтан гөрі материалдық байлық алға шыққан қазіргі тұста әкенің ақылы барлық мәселенің шешімі екенін танытуда да «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі маңызды рөлге ие болады.

Үшіншіден, «Бақша ағаштары» әңгімесін назарға алғым келеді. Себебі атаның немересіне айтқан нақыл сөзі тәрбиелік арнаға бет бұрады. Адамның дұрыс тәлім-тәрбие алғандығының нәтижесінде ол оң бағытта дамитыны секілді, бапталып, көңіл бөлінген ағаш та түзу өсетінін салыстырмалы түрде атасы ұғындырады. Мысалы: «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, мұнан сен де өзіңе өсиет алсаң болады. Сен, жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орныңа келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің, бағусыз,

бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің» [4, 12], - деп сұраққа жауабын тәлім-тәрбиеге әкелуі ғибратты ойдың нәтижесі. Болашағына алаңдайтын әр баланың қажетті ақпаратты қабылдап, қажет емесін сұрыптай білудің де маңыздылығы осы тұста алға шығады. Оқыту мен тәрбиелеудің егіз ұғым екенін ескерсек, сынып сағаттарына, пәндік оқуларда осы әңгіменің идеясын үнемі пайдалану балаларға стимул беріп қана қоймай, үлгілі болуға ұмтылатынын байқау қиын емес.

«Білгеннің пайдасы» әңгімесіндегі шебер өсиеті бала болашағымен тығыз байланысты болды. Дегенмен, баласы үйренген өнерді үйренгісі келмеген әкенің жағымсыз бейнесі де салыстырмалы түрде сипатталады. Шебердің қолы ғана емес, сөзі де артық екенін танытқан Ыбырайдың бұл әңгімедегі нақылын былайша баяндауға болады: - «Төрем, қарап тұрғанша, тым болмаса, шеге соғуды үйренсейші, кім біледі, бір күндерде сол өнердің де керегі болар» [5, 8], - деп балаға емес, оның әкесіне өнер үйретудің қажеттілігін сезіндіреді. Бұл әңгімеден оқу, тоқу, білім іздеп, ғылым табу тек жас кезде емес, өмір бойы жүретін әрекет екенін танытуға ұмтылған Ыбырайдың астарлы ғибратын аңғару қиын емес. Демек, өнер үйренудің тағылымын болашақпен байланыстырады.

Жас ұрпақты тазалыққа, адалдыққа, әділеттілікке үйрету жолындағы Ыбырай Алтынсариннің келесі әңгімесі – «Таза бұлақ» деп аталады. «Менің ойыма бөтен бір нәрсе келеді: бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұрып, шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді; бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта, нешік бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін, - деді» [6, 34], - деп рухани жан тазалығын бәрінен биік қояды. Оқушыларға жастайынан тазалық сөзінің қадір-қасиетін ұғындырудың маңыздылығын болашаққа жасалған айқын қадаммен байланыстырған Ыбырайдың бұл әңгімесі де өзінің тәжірибелік құндылығын әлі күнге дейін жоймауы – қуатты құрал ретіндегі айрықша белгісі.

Түйіндеп айтар болсам, Ыбырайдың әр әңгімесінде оқиға мен содан алынатын өмірлік сабақ ұштастырыла беріледі. Бұл – ата-баба ғибратының маңызды көрінісі.

Қазақ мектебінің тарихы Ыбырай есімімен тығыз байланысты. Себебі Қазақстан даласында тұңғыш мектеп ашу ісіне бел шеше кірісіп, шәкірттерінің көкірек көзін оятуға, ескішіл таным-түсініктерінен арылтуға, мектептегі оқу-тәрбие ісінің ұлттық негізде жүзеге асуына тікелей ықпал еткен ағартушы тұлғасын ерекше батырлық пен жаңаша бетбұрыстың дәлелі ретінде қарастыруға болады. Осы арқылы ол болашаққа мол сенім артып, елге «рухани төңкеріс» жасады. Мектеп ашып, оған ұстаздық нұрын шашып, бар білгені мен түйгенін тасып, оқу құралдары мен әдістемелік кешендерін басып жүрген Ыбырайдың осы әрекеттері – ағарту қызметінің биік шыңы. Ендеше, «дала қоңырауы» атанған Ыбырайдың күткен шәкірттерін қалыптастыруда

«Ыбырайлық модельді» ұсынғым келеді. Ол модель тек оқытып қана қоймай, оның түп-негізін тәрбиемен тығыз байланыстыру екенін барша ұстаз сезінгенін қалаймын.

Тұлғаны тану – оның еңбектерін жандандыру. Ғалымның тұлғасын танытқан, адамзат бойына ақыл-ойдың қазынасын дарытқан оның шығармашылық қыры, ағартушылық арнасы, ұстаздық қызметі, ғалымдық бағдары. Ыбырай әлемінің мән-мазмұнын ашу – адамдықтың, ізгіліктің бастау бұлағын тану, ал бұл бұлақ оқу-тәрбие процесінде адамгершілікке, ибалылыққа, еңбектенуге, адалдыққа, сыйластыққа, мейірімділікке, қарапайымдылыққа үйретуден басталады. «Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік кредосына айналды. Өзінің мінез-кұлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдасына асыруға талпынды» [7, 256], - демекші, ендігі міндет – білім алып қоятын шәкірт емес, еліне жанашыр, ұлт тізгінін ұстайтын адал ұрпақты болашаққа даярлау. Осы жолда Ыбырай Алтынсариннің әр ойы, тағылымы – жарық сәуле.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://anatili.kazgazeta.kz/news/38427>
2. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/41805/>
3. https://wikisource.org/wiki/Category:Ыбырай_Алтынсариннің_әңгімелері
4. https://wikisource.org/wiki/Бақша_ағаштары
5. https://wikisource.org/wiki/Білгеннің_пайдасы
6. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж
7. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр - 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Алматы: Атамұра, 2012. - 344 бет

ӘҢГІМЕ ЖАНРЫН ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Акнур Балгимбекова,

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Жезқазған қаласы «Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі» КММ

Әдебиет пәнінен әр жанрды оқытудың өзіне тән ерекшеліктері бар. Әңгіме жанрының көлемі шағын болса да, оны оқытудың біршама қиындықтары мен ерекшеліктері бар. Сол мәселелерді шешудің жолын зерттеп, әңгіме жанрын оқытудың әдістемесін ұсынамын.